

*Алтынбекова Шариза Далабаевна
КМҚК «Балалар мен жеткіншектер сарайы» директоры
Қарағанды қаласы*

«Қарағанды қаласы Балалар мен жеткіншектер сарайы жағдайындағы қосымша білімнің болашағы мен дамуы»

Балаларға қосымша білім беру жүйесі жасөспірімнің балалық шағын толыққанды өткізуіне жағдай жасайды. Бала жас шағында әлеуметтік маңызы бар істерге араласып, болашақ мамандығын таңдау мәселесін ойластырып, оған мән беріп, жас уақытын дұрыс пайдаланса, бұл оның кәмелеттік жасқа келгенде үлкен белестерден көрініп, өмір жолына дұрыс қадам басуына себін тигізеді. Осы орайда Балалар мен жеткіншектер сарайының атқарып отырған бағыт бағдарына тоқтала кетсем беймін.

Қарағанды қаласының Балалар мен жеткіншектер сарайының бүгінгі таңдағы көпсалалы қосымша білім берудегі бағыттары төмендегідей:

- 1. Қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру,*
- 2. Мәдени ойын-сауық пен бұқаралық бағдарламаларды ұйымдастыру, өткізу.*
- 3. Аймақтағы қосымша білім беру жүйесіндегі қызметкерлерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсету.*

Ұсынылатын білім беру бағдарламалары он бір бағыт бойынша балалар мен ересектердің қызығушылығын қамтиды: *көркемдік-эстетикалық, табиғи-ғылыми, ғылыми-техникалық, экономикалық-құқықтық, дене шынықтыру мен спорт, мәдениеттану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, туристтік-мәдениеттану, экология-биологиялық, салалы және кәсіби деңгейге дейінгі білім беру* Жеткіншектер сарайының білім беру процесінің әрі қарай даму болашағы бөлімшелердің ашылуы мен қала мектептері базасында өз өкілдіктерін ұсыну арқылы балалар санын қамту және білім беру бағдарламасының вариативтілігін ұлғайту болып табылады. Сұрыптау кентінде ашылған Балалар мен жеткіншектер сарайының бөлімшесі 400 оқушылық орынды әзірлеп, ұсынуға мүмкіндік алды.

Ресурстық орталық қызметі шеңберінде бұған оқу сабақтарын сессионды форматта дамытуға және кейбір оқыту бағдарламаларын дистанционды режимде ауыстыруға себепші болу қажет.

Оқушылардың өздігінен мотивациясын жоғарылатуға, білім беру бағдарламалары шеңберінде бірқатар іс-шаралар өткізіледі. Бұлар фестивальдар мен байқаулар, акциялар мен концерттер, спорттық жарыстар мен ойындар және т.б. Жыл сайын Балалар мен жеткіншектер сарайының педагогикалық ұжымы түрлі бағытта тәрбиелік жұмыстар бойынша орташа алғанда 150-ден астам іс-шаралар өткізеді.

Осы бағытта мәдени-сауықтыру қызметіне жаңа механизмдерді енгізу және құрастыру бойынша Жеткіншектер сарайы өз жұмысын жалғастырады.

Ресурстық орталық қызметі шеңберінде Жеткіншектер сарайы бірқатар облыстық іс шаралардың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы болып табылады. Яғни, 2014-2015 оқу жылында 28 ауқымды облыстық байқаулар, фестивальдер мен форумдардар өткізу жоспарланған. Бұдан басқа Балалар мен жеткіншектер сарайы төмендегі бірқатар Халықаралық байқаулар кезеңінің ұйымдастырушылары ретінде көрінеді. Атап айтсақ: «Жасыл ел», «Мен – зерттеуші!» халықаралық байқаулары, Республикалық- «Жыр-алыбы Жамбыл» айтысы, «Әдістемелік вернисаж» ашық педагогикалық жұмыстар фестиивалі мен ҚР ЖЗ ШҒА ғылыми- практикалық конференциялары. Аталмыш жұмыстар «Сарыарқа дарыны» Аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен тығыз байланыста ынтымақтастық жүргізеді.

Жаз айларында балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру – Қарағанды қаласы Балалар мен жеткіншектер сарайы білім беру іс-әрекетінің басты міндеттерінің бірі. Бұл бағыттағы іс-шараларды жүзеге асыру үшін Балалар мен жеткіншектер сарайында мектеп жанындағы лагерьлер үшін «Жаз» орталығы мен мектеп жасындағы балалар үшін «Жаз Отбасылық оқыту білім-кешенімен» атты орталықтар жұмыс істейді. Балалардың әлеуметтік коммуникациясын дамыту бөлімінде жаз уақытында облыс және қала мектептеріндегі балалар мен жасөспірімдер ұйымдары үшін ойын-сауық жиындар ұйымдастырылады. Ал «Самал» жазғы туристік-сауықтыру қалашығы 4 ауысымда жұмыс істейді.

Биылғы жаз айларында балалардың демалысын ұйымдастыру жалпы алғанда 8000- нан астам оқушыны құрады. Балалар мен жеткіншектер сарайының келешегі экскурсиялық қызметтерді нығайту болып табылады. Қазіргі таңда мектеп оқушылары үшін 8 бағыт бойынша экскурсиялық топ құрылған. Сондай ақ, қала сыртындағы лагерлер үшін педагогикалық отрядтар жұмыстары жүзеге асырылуда. Жеткіншектер сарайының педагогикалық ұжымының басты қағидаларының бірі «Табысты педагог – табысты бала» деп аталады. «Білім беру үрдісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» бағытында педагогтарға өзінің кәсіби тәжірибесін жинақтау және сипаттау міндеті қойылған. Осы жұмыстардың нәтижесі ретінде қосымша білім беру бағыты бойынша оқу-әдістемелік кешені әзірленуде. Бірқатар әзірлемелер республикалық «Әдістемелік вернисаж» байқауында және педагогикалық инновациялық идеялар фестивалінде ұсынылады. Білім беру бағдарламаларының ақпараттық-әдістемелік тізімдемесі жобалармен, семинарлармен, сауықтыру қызметтерімен үнемі толықтырылып отырады. Сонымен қатар жұмыстың оң нәтиже беруіне *Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен бірге қосымша білім беру бағыттары бойынша конференциялар, шеберлік-кластар, семинар-практикумдар, оқыту семинарларын өткізу және әзірлеу жөнінде тығыз серіктестік орнатылғанын да атап кеткен жөн.*

Біздің ойымызша бұл жұмыстар педагогтардың кәсіби шеберлігін көтеруге, озық педагогикалық тәжірибелерді таратуға өз мүмкіндігін тигізері сөзсіз.